

**АЛТЫН ОРДА ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРІ – РАБҒУЗИ
ҚИССАЛАРЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ҮЛГІЛЕРІ**
EXAMPLES OF THE PUBLICATION OF THE LITERARY
MONUMENT OF THE GOLDEN HORDE - KISSA RABGUZI

Сапарбек ЕРГӨБЕК*

Түйіндеме

Қазақ әдебиетінің тарихында кітаби ақындық және оның басты шығармашылық дәстүрі – нәзирагөйлік Алтын Орда дәуірінде ұлы Ұлыстың мемлекеттік рухани қазығы ретінде мұсылман дінін берік бекіту, түрк жұртының ислами өркениетін қалыптастыру мүддесімен қабыса келіп туындады. Кітабилықтың кейінгі кезеңі орыс отарлығына қарсы қолданылатын рухани қару, діни, әдеби, жалпы өркениеттік, бүгінгі тілмен айтқанда, діни ағартушылық қозғалыс ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында қайта туып өркен жайды. Қазіргі қазақ әдебиетінің тарихы ғылымында айтылып жүрген Алтын Орда әдеби ескерткіштерінің де басым бөлігі - діни шығармалар. Мысалы, «Қисса Жүсіп», «Қисасу-л-әнбия», «Жұмжұма», «Нахжу-л-фарadis». Мақалада әдеби жәдігер «Қисасу-л-әнбияның» қазақ әдебиетіндегі үлгілері талданады.

Кілт сөздер: Алтынорда әдеби ескерткіштері, «Қисасу-л-әнбия», кітаби әдебиет, кітаби ақын, дәстүрлі жазба әдебиет.

Summary

In the history of Kazakh literature, written (kitabi) poetics and its main creative tradition – «nazira» developed and settled along with the formation of Islamic civilization in the Turkic people of the Golden Horde era as the state spirit of the great nation. The subsequent stage of the book literature was born again and flourished as a spiritual weapon against Russian colonization, as a religious, literary, general civilization, by today's standards, as a religious and educational movement in the second half of the nineteenth century. The vast majority of the Golden Horde literary monuments that are considered in modern history of Kazakh literature are also religious works. For example, such works as "Kissa Zhusip", "Kisasa-l-anbiya", "Zhuzhuma", "Nahzhu-l-Faradis". In this article, samples of the literary heritage of Kisasa-l-anbiya in the Kazakh literature are analyzed.

Key words: Literary monuments of the Golden Horde, Kisasa-l-anbiya, book literature, book poet, traditional written literature.

* филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.
Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Akhmet Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan. E-mail: saparbek.ergobek@ayu.edu.kz

Кітаби ақындар жырлаған діни қисса немесе хикаялардың түп негізі олар білім алған мектеп, медреселерде оқулық материалы ретінде пайдаланылған арап, парсы тілдеріндегі діни шығармалар болғаны анық. Сонымен қатар олар Алтын Орда дәуіріндегі жазба діни шығармаларды да оқып өскені және олардың мәтіндерін нәзіралық дәстүр аясында қайта жырлап отырғаны аңғарылады. Себебі олар алдымен түркі, шағатай аталған ескі тілімізді, сол тілдегі әдебиетті оқып өсті. Сол секілді діни оқу мен әдебиеттің негізгі тілдері саналатын арап, парсы тілдерін жетік меңгерді.

Қазіргі қазақ әдебиетінің тарихы ғылымында айтылып жүрген Алтын Орда әдеби ескерткіштерінің де басым бөлігі діни шығармалар. Мысалы, «Қисса Жүсіп», «Қисасу-л-әнбия», «Жұмжұма», «Нахжу-л-фарадис» секілді шығармалар. Осылардың ішінде ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы қазақ діни, нәзіралық қисса, хикаяларының көпшілігіне өзек болған туынды Насыр-Ад-Дин қазы Бурханаддинұлының «Қисасу-л-әнбия» атты еңбегі.

Рабғузи қиссаларының түрлі нұсқалары мен олардың ерекшелігі және жариялануы жөнінде Ильминскийдің, Мелиоранскийдің, Маловтың, Остроумовтың, Катановтың, өзбек зерттеушісі Айбектің зерттеу еңбектерін атап өту қажет. Н.И. Ильминский 1859 жылы туындының толық тексін алғаш Императорлық Қазан университетінің баспаханасынан бастырып шығарады. Ал осы туындының зерттелуіне алғаш жол салғандардың бірі П.М. Мелиоранский Британия музейіндегі ең ескі, толық қолжазбаны қарап шығып, көшіріп алған кейбір үзінділерін елге келген соң, 1897 жылы жариялайды. Ол сөйтіп туындының Британия нұсқасын Москва, Ленинград кітапханаларындағы қолжазбаларымен салыстырып, ғылыми-салыстырмалы зерттеудің негізін қалайды. Мұндай салыстыра тексеріп, өзара ұқсастықтарын көрсету Н.Ф. Катановтың «Мұсылман аңыздары» мақаласында да көрініс тапқан. Ол Қытайдың Гань-Су-Синь-Цзянь провинциясын аралағанда жергілікті мұсылмандардың айтуынан жазып алған кейбір аңыздарды Құранмен, «Рабғузи қиссаларымен» салыстыра тексереді.

Қазақ әдебиеті тарихы ғылымында ғалым Б. Кенжебаев Алтын Орда дәуірі әдеби ескерткіштерін қазақ халқының рухани мұрасы ретінде көтерген кезеңде дәуір әдебиетіне қатысты басы ашылмаған мәселелер мен қиындықтар мол болатын. Кеңес Одағының құрамындағы кейбір түркі кеңестік республика ғалымдары Алтын

Орда әдеби жәдігерлерін тек өздерінің ғана төл мұрасы ретінде қарастырса, кейбір қазақ ғалымдары бұл рухани мұраны қазақ сөз өнерінің тарихына қатысы жоқ дүниедей қарады. Мәселен, 1950 жылы М. Айбектің алғысөзімен шыққан «Өзбек әдебиетінің антологиясында» «Рабғузи қиссалары» әдеби мұра ретінде өзбек әдебиетінің тарихында біржақты қарастырылса, С.Қасымовтың зерттеуінде «Мухаббатнаманың» өлең құрылысын талдауы сәтті шыққанмен, тілдік қасиеті мен ерекшелігін, тарихи жағдай тәрізді объективті мәселелер ескерілмей, таза өзбек халқының әдеби мұрасы деп біржақты тұжырым жасалады.

Қазақ әдебиеті тарихы ғылымында Алтын Орда әдеби ескерткіштерінің қарастырыла бастауы профессор Б.Кенжебаевтың есімімен байланысты. 1914 жылғы Қазан баспасынан алынған әдеби мұра алғаш рет профессор Б. Кенжебаевтың жетекшілігімен 1967 жылы шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматияға енгізіледі де, ол сол кездегі ғылымдағы елеулі жаңалыққа, бетбұрысқа айналады. Бұл ретте тілші ғалымдар Ғ. Айдаров, Д. Құрышжанов, Н. Томановтар 1971 жылы жариялаған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» деген оқулықта тілдік-лингвистикалық жағынан зерттеліп, ескерткіштің жазылу тарихы мен көшірмелері туралы бірқатар мәліметтер беріледі. Ғалым Б.Кенжебаевтың 1973 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» атты зерттеу еңбегінде дәуір әдебиетінің жәдігерлері қазақ әдебиетінің тарихына қатысты талданады, зерделенеді.

Б. Кенжебаевтың шәкірті әдеби ескерткішті жан-жақты қарастырған ғалым А. Қыраубаева болды. Оның бұл туындыны зерттей бастаған тұсында Рабғузи қиссаларының әдеби сипаты сөз арасында, шолу ретінде ғана айтылғаны болмаса, әлі толық назар аударылмаған еді. Бұл ретте профессор Б.Кенжебаевтың 1968 жылы «Жұлдыз» журналының №7 санында жарияланған Рабғузи қиссаларына арналған мақаласы А. Қыраубаева зерттеулерінің негізгі бастамасы болды. Әдеби-танымдық мәні зор бұл мақалада ескерткіштің сюжеті, құрылысы, басты ерекшеліктері мен кейбір жеке әңгімелері талданды.

Ғалым А.Қыраубаева әдеби ескерткішті заманауи көзқараспен ғылыми тану-талдаудың методологиялық жағынан дұрыс жолға қойылмауын былай түсіндіреді: біріншіден, танымал түрколог ғалымдардың «ескерткіштің мән-мағынасын ашу, тарихи-әдебиеттік жайын зерттеу» туралы ескертпелері біраз уақыт бойы кеңестік

әдебиеттану ғылымы тарапынан ескерусіз қалды; екіншіден, талай қоғамдық, тілдік өзгерістерге ұшырап, сан ғасырларды асып жеткен әдеби мұраға өз уақыты, ортасы тұрғысынан қаралмады; үшіншіден, қазіргі уақыт биігі мен идеологиясы тұрғысынан қарау дұрыс емес. Сол себепті де әр дәуір ескерткішін өзін тудырған қоғамдық-әлеуметтік құрылыспен, жағдаймен байланыстыра зерттегенде ғана оның сан-салалы сипаттары, ішкі ерекшеліктері ашылатыны ескерілмеді. «Рабғузи қиссалары» тәрізді көне жәдігерге ғана емес, кеңестік кезеңде халықтық көркем туындыларға, тарихи әдебиет пен ұлттық өнердің, рухани мәдениеттің өзге салаларына, тіл мәселесіне үлкен қатер туғызғаны С.Қирабаевтың «Әдебиет пен өнер - ұлттық идеологияның маңызды саласы» мақаласында жан-жақты талданып көрсетіледі. Коммунистік идеология ерте замандарда жасалған халықтық көркем туындылардың өзін партиялық, таптық тұрғыдан түсіндіруге тырысқанын, соның нәтижесінде ұлттық әдеби мұрамыздың көп бөлігі ескішіл, феодалдық, кертартпа, ұлтшылдық идеологияны жақтайды деген айыппен қолданыстан шығып қалғанын, сөйтіп саясаттан тыс жасалған халық әдебиеті үлгілерінің өзі саясатқа бұра талданғанын айтады. Мұның нәтижесі белгілі. Халық қаһармандары таптық тұрғыдан қарастырылып, көптеген эпостың басты кейіпкерлері бірі бай баласы, бірі хан қызы деп шеттетілсе, тазша, жетім бала туралы ертегілер мен тегі кедей деп айтылатын Қамбар батырдан басқа қаһармандардан ауыз әдебиеті айырылып қала жаздағаны әдебиет тарихынан мәлім. Мұндай біржақты көзқарас әдебиеттің өзге салаларын бағалауда да өріс алды.

Сондықтан да әдеби мұраға тек бір жақты ғана көзқарас, пайым-талдаумен келу қажеттілігін ұстанған кеңестік ғылымда көп уақыт бойы «Рабғузи қиссалары» тәрізді мұралардың шеттетілуі, ескішілдік деп танылуы қалыпты жағдай болатын. Осындай кездің өзінде ғалымның орта ғасырлық мұраға өзіндік тың көзқараспен баруы батылдық, орныққан ғылыми принцип көрінісі еді дейміз. А. Қыраубаеваның мұндай принципті ұстануына, ең алдымен, ұстазы Б. Кенжебаевтың тікелей әсері болды десек, арғы-бергі белгілі шығыстанушы ғалымдардың ғылыми тұжырымдары да оның ойын бекіте түскен. Мәселен, белгілі әдебиеттанушы Н.М. Маллаевтың «Рабғузи қиссаларының» тематикасы, идеялық бағыты негізінен діни сипатта болғанмен, жазушының жеке дүниауи әңгімелері мен өлеңдері көркем әдебиеттің дамуына игі ықпал етті. Рабғузидың шығармашылық қызметінде діни-мистикалық аңыз бен дүниауи өмір

шындығы қатар беріле отырып, осы екі көзқарас өзара белгілі дәрежеде күресіп жатқаны байқалады» (Маллаев, 1963: 27), - деп келетін мәнді пікірі А. Қыраубаева зерттеуінің методологиялық негізі болды.

«Уақыт бедері» атты зерттеуінде А. Қыраубаева 1924 жылы Бакуде шыққан В.В. Бартольдтің «Место прикаспийских областей в истории мусульманского мира» еңбегін, 1925 жылы баспа бетін көрген А.К. Дживгеловтің «Начало Итальянского Возрождения», 1932 жылы Ленинградта шыққан А.Ю. Якубовскийдің «Феодализм на Востоке. - Столица Золотой Орды Сарай Берке» тәрізді көптеген көне кітаптарды негізге алады. Алтын Орда дәуірінің тарихи-ғылыми сипаттамасын нақтылауға мән берген А.Қыраубаева сол кезеңнің әдеби мұрасы Рабғузи қиссаларына терең аналитикалық талдау жүргізеді. Сол дәуірдегі әдебиеттің даму өрісіне, қарастырап туындының жанрлық табиғатына, дәстүр және жалғастық мәселелеріне, зерттелу тарихына назар салады. Аударма-нәзиралық шығармалардың жазылу себептері мен әлеуметтік астарына мән береді.

Ғалым танымында аударма-нәзиралық шығармалардың дүниеге келу сыры мен шығармашылық табиғаты өткенге ден қою, уақыттың көкейтесті мәселелеріне қажетті жауапты өткен ойшылдар мен ұлылардың туындыларынан іздеу, табу, қайта жарату болып табылады. Шығыс әдебиетіндегі «нәзира» деп аталатын бұл дәстүр жөнінде кезінде ұлы жазушы-академик М. Әуезов ғылыми тұжырымын білдірген. Онда ол мұндай шығармаларды жалаң аударма деп танымай, сол белгілі бір оқиғалар жүйесін қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті (Әуезов, 1959: 150), - деп баға берген. Қалай дегенде де, нәзира аударма емес, бұрыннан танымал сюжетті кейінгі ақынның өз уақытының өткір мәселесімен байланыстырып жырлауы. Бұған Фирдоусидің «Шахнамасын» қазақ тілінде қайта жаңғырта жырлаған Тұрмағамбет Ізтілеуовтің шығармашылығы дәлел бола алады. «Шахнамадай» шығарманың табиғатын, ішкі ерекшеліктерін еркін меңгеру үшін парсы, түркі тілдерімен қатар, осы тілдерге күшті ықпал жасаған араб тілін де жетік білуі, Иран мен Тұранның арғы-бергі тарихын, мәдениетін, дәстүрін жақсы меңгеруі тиіс. Демек, «нәзира» өнері - ақыннан үлкен дайындықты, ақындық дарынды талап ететін ерекше шығармашылық, әдеби құбылыс.

А. Қыраубаева XIII-XIV ғасырда бұл әдеби үрдістің даму жайына, әл-Фараби ден қойған Қайта өрлеудің ғылым-білімдегі

жаңалықтары мен өнердегі көркемдік ізденістерінің әлем мәдениетіне таралуы, бір-біріне ықпал жасауы, әсер етуіне, түркі әдебиетіндегі айқын белгілері ретінде Әли, Құтб, Сәйф Сараи туындыларында көне араб-парсы әдеби үлгілерінің заман талабына лайықталып, қайта жырлауына ден қояды.

Ғалым XIII-XIV ғасырлардағы нәзиралық шығармаларды «аударма-нәзира» деп атауды қолайлы көреді. А. Қыраубаева «Рабғузи қиссаларының» жанрлық сипатын бір дәуір әдебиетінің жинағы, хрестоматиясы, әр түрлі жанрдағы шығармалар қамтылған, өз дәуірі әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін аңғартатын құнды мұра деп таниды (Қыраубаева, 1988: 18).

Ғалым А.Қыраубайқызының айтуынша: «...XIX-XX ғасырдың басында Қазан, Тәшкент қалаларынан сан рет қайталанып басылып шығып, ел арасына кеңінен танымал болған» шығарма (Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары, 1964: 160). Ал ғалым Ә.Наджип: «Одним из ценных памятников тюркоязычной литературы и языка, созданный в Средней Азии в начале XIV века, является «Кысас-и Рабгузи», обычно называемое по содержанию «Кысас-аль Анбия» (Сказания о пророках)», - деп туындыны түркі тілі мен әдебиетінің тарихынан мол мағұлмат беретін аса бағалы әрі тілдік, әрі әдеби ескерткіш ретінде көрсетеді. Еңбектің қолжазба және баспада басылған кітаби үлгілерінің Еділ бойында, Оралда, Орта Азияда өте кең тараған шығарма екенін айтады. Сонымен бірге еңбектің көптеп қайта басылып отырғанын және оны ең алғаш рет Н.И.Ильминскийдің Императорлық Қазан университетінің баспаханасынан кітаптың толық мәтінін бастырып шығарғанын айта отырып, еңбектің Ресей Ғылым Академиясының шығыстану институтының Санкт-Петербург бөлімшесі кітапханасында сақталған және Лондон көшірмелерінің өте құнды екендігін атап айтады (Наджип, 2007: 128).

Шығарма кеңес дәуірінің өзінде-ақ қазақ тілі мен әдебиеті тарихына арналған пәндерде оқытыла бастады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысанына айналды. Ғалым Б.Кенжебаев оның қазақ әдебиетіне қатыстылығы жөнінде ғылыми еңбектер жазды. Ғалымның шәкірті А.Қыраубаева ескерткішті жеке ғылыми-зерттеу нысаны ретінде алып ізденіс жұмыстарын жүргізді. Кандидаттық диссертациясын қорғады. «Ғасырлар мұрасы» атты зерттеу еңбектерін берді. Ғалымның кейінгі шыққан үш томдық зерттеу еңбектерінде де «Қисас-ул әнбия» үлкен орын алады. Кеңес дәуірінде тіл, әдебиет тарихына қатысты еңбектерде, хрестоматиялық жинақтарда

жарияланып келген туынды кейінгі кезде қазіргі қазақ тілінде жеке кітап болып басыла бастады. Рабғузи. Қисса-сул-әнбийя-й. Адам-Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін. Қазақ тіліне аударған Роза Мұқанова. – Алматы: «Санат», 2001. -248 бет (Рабғузи, 2001); Рабғузи Насреддин. Қисас-ул әнбия. Араб тілінен аударған Әшім Әріпбайұлы. –Астана: Фолиант, 2008, -552 бет (Рабғузи, 2008) секілді басылымдар бүгінгі оқырман қауымға жақсы таныс. Бұл басылымдар көне жәдігердің қайта жаңғырып, өз орнын қайта тауып айналымға енуін көрсетеді.

Алғашқы нұсқа шағын алғысөзбен берілген. Онда бұл еңбектің 1903 жылы Қазанда Кәримовтар баспасында басылған. Нұсқадан қазіргі қазақ тіліне аударылғаны сөз болады. Көлемі де ғалым Ә.Наджиптің «Жазба ескерткіш үлкен қағазды (форматты) әр бетте 23 жолдан берілген 555 беттен тұрады (Наджип, 2007: 126) дегеніндей емес, шағындау. Соған қарағанда, 1903 жылы басылып шыққан нұсқаның өзі көлемі тұрғысынан шағындау болғаны көрінеді. Шығарма «Жеті қат көктің сипаты», «Жеті қат жердің сипаты», «Періштелер, жындар және адамдар жайында» секілді кейінгі нұсқада жоқ шағын тараушалармен басталады. Бұл тақырыптағы шығармаларда, әдетте, Мұхаммет Пайғамбар оқиғаларының соңына оның ұрпақтары, әсіресе жастай опат болған Хасан, Хусейін оқиғалары қоса беріліп отырған. Ал мына нұсқа тек Мұхаммет Пайғамбар оқиғаларымен аяқталады. Алғысөзде «Қисасу-л-әнбияда» жетпіс екі пайғамбардың өмір тарихы сөз болады. Бірақ бұл кітапқа тек жиырма төрт пайғамбар оқиғасы енгенін айтады. Сондай-ақ кітапты шығарушылар Мәтржам дамолла, Ғабдулғұлам хазірет, Шарифиддин молла кітапқа жазған алғысөздерінде: «Қисас-ул-әнбия» кітабы Рабғузи жазбаларынан тәржімаланып отыр. Кітапқа енбей қалған пайғамбарлар тарихын біз Қазы тәпсірі мен Жәлелин тәпсіріне мұражағат (сүйеніп) бұ екі тәпсірде болмағанын Нәзһәтул мүжәліс кітабынан алып «Һарот уа марут» қиссасын және Дәуіт ғалайһи уәссәләм қиссасымен моғол тілінен тәржімалап, мүмкіндігімізше толықтыруға еңбек еттік», - деуі көп жайдан хабар береді (Рабғузи, 2001: 3). Тағы бір айта кететін жағдай Насреддин Рабғузидің өз еңбегіне жазған алғысөзі кейінгі екі басылымға енбеген. Себебі алғашқы басылымға кітап бастырушылар тарапынан алғысөз жазылғаны айтылды. Оның үстіне бұл еңбекті ғылыми жабдықтауды ниет етпей тек мәтінін бүгінгі қазақ оқырманына жеткізуді мұрат тұтқан, Мәдениет министрлігі тарапынан шығарылған еңбек.

Екінші нұсқа «Сырдария кітапханасы» деген айдармен жарияланған еңбектер қатарында Қызылорда облысы әкімдігінің тарапынан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университеті Ғылыми Кеңесі ұсынысымен шығарылған. Ең бірінші айтылуға тиіс мәселе нұсқаның толымдылығы. Ғалым Ә.Наджиб айтқан деңгейге пара-пар бес жүз елу екі бет көлемде шыққан. Он беттік көлемдегі ғылыми алғысөзбен берілген. Онда шығарма, оның авторы және нұсқалары жөнінде сөз болады. Сонымен бірге, нұсқаның 529-547 беттері аралығын қамтыған «Түсініктермен» (Құран Кәрімде аталатын есімдер мен оқиғалар) жабдықталған.

Қазақ әдебиеті тарихының Алтын Орда дәуіріндегі өркениетінен, Ұлы Ұлыстың түркілік жазба әдебиетінің даму деңгейінен хабар беретін аса құнды, діни, әдеби жәдігердің көлемді кітап болып басылып шығуы көңіл қуантады. Әйтсе де, бірді-екілі мәселені айта кету керек секілді.

Алдымен, мұқабаның ішкі бетінде «Араб тілінен аударған Әшім Әріпбайұлы» деген анықтама берілген. Орта ғасыр және Алтын Орда ескерткіштері тіліне қатысты «түрки», «шағатай» секілді терминдер ғылымда көптен бері қолданылып келеді. Тілші ғалымдарымыз өзара өте қатты айырмашылықтары болмаса да ажыратып ескі әдеби ескерткіштерді тілдік тұрғыдан жіктеп, топтап, қай ескерткіш қай тілге көбірек қатысты деген мәселеде жұмыс жасап келеді. Сонымен бірге, әр тілді іштей тағы да «қыпшақ», «оғыз», «қыпшақ-оғыз», «қарлұқ», «ұйғыр-қарлұқ» деп жіктеп жатады. Ғалым А.Қыраубайқызы Насыраддин Рабғузи жөнінде: «... Араб-парсы тілдерінде жазылған... мәтіндерді түркі тілінде сөйлеткен, оларды негізге ала отырып, түрікше нұсқасын жасаған білімпаз», - деген өзінің ғалымдық бағасын береді (Қыраубайқызы, 2001: 161). Осы жағдайлардың бәрі, тілші, әдебиетші ғалымдар еңбегі ескерілмей «араб тілінен аударған» деп берулері қолайсыз.

Екінші айтылар жайт: кітап Астана қаласында басылса да Қызылорда облысы тарапынан шығып отыр. Сөйте тұра, Қызылорда топырағының перзенті ғалым А.Қыраубайқызының есімі ілтипатқа алынбаған, нақ осы әдеби жәдігер жайлы жазған еңбектері назардан тыс қалған. Ғалымның әлденеше дүркін қайта басылған «Ежелгі әдебиет» атты оқу құралы, осы әдеби жәдігерге тікелей қатысты «Ғасырлар мұрасы», бүкіл шығармашылық ұстанымы осы кезеңге қатысты томдық еңбектері аталып айтылмауы тым олқылықты көрсетеді. Жалпы ескерткішке, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлеріне

қатысты еңбектер жазған өзге ғалымдардың, мысалы, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов т.б. аттары аталып көрсетілуі керек-ақ еді.

Үшінші, «Алғысөзде»: «Діни бағытта жазылған әдеби мұраның мақсаты ізгі, мұраты биік. Аса рақымды Жаратушының 18 мың ғаламды қалай және не үшін жаратқаны, мүбәрак нұр иесі Адам Атадан бастап пайғамбарлардың сәруары атанған Хазіреті Мұхаммед с.ғ.с.-ға дейінгі аралықтағы көптеген пайғамбарлардың өз қауымы мен жұрты үшін атқарған игі істері жүйелі түрде тарқатылып, әсерлі баяндалып отырады. Шығармадағы әрбір хикая - әдеби көркем туынды», - деген пікір бар. Онда діни таным тұрғысынан үлкен қателік жіберілген. Қателік – «Мүбәрак Нұрға» қатысты. Дін ислам қағидасында бұл нұр тек Мұхаммед Пайғамбарға тиесілі. Алла Тағала солай шешкен іс. Бұл туралы Шәді Жәңгірұлы «Назым Сияр Шәриф», «Ибраһим пайғамбардың хикаяты» секілді еңбектерінде арнайы жырлаған.

Әләмнан он сегіз мың әууәл бұрын,
Жаратты пайғамбардың Алла нұрын...

Аспан-жер, ғаршы-күрсі, ләухі кәлам,
Сүдрә мен жәннат, дозақ бәрі тәмам.
Ол нұрдың себебінен пайда болды,
Жаралған он сегіз мың күллі әләм, - (Шәді төре, 1999: 3)

деп діни, кітаби ақын Мұхаммет Пайғамбар нұры туралы анық, нақты жырлаған. Сол нұрды Алла Тағаланың Адам Атаның маңдайына қойғаны және оның ұрпақтан-ұрпаққа жылжып отырғаны туралы айтады. Бұл мәселе осы айтылып отырған кітаптың өзінде де солай делінеді. Алғысөзден соң берілген негізгі мәтін он төртінші беттен басталады. Бірінші шағын тарауша «Адам Әлейһиссаламның жаратылысы» аталады. Тарауша «Алла Тағала Мұхаммед салли аллаһу әлейһис уа саламның толысқан нұрын құдірет қолына алды», - деген сөйлеммен басталады. Мұнда әрі анық, әрі нақты «Мұхаммед Пайғамбардың нұры» деп айтылып тұр. Сол секілді кітаптың он сегізінші бетіндегі «Адам Әлейһиссаламның денесіне рух енгізудің оқиғасы» тарауында Алла Тағаланың Адам Әлейһиссаламның денесін жасап бітіргеннен кейінгі оқиғалар сөз болады. Рух Адам Әлейһиссаламның тәніне енуден қорыққан сәтте: «...Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның нұрын әкеп, оның маңдайына қойды. Тән

нұрланып кетті. Рух қуанышпен тәннің ішіне кіріп кетті. Ғарыш пен Күрсіні, Лаух пен Қаламды топырақ дененің ішінде көрді. Рух Адамның көзіне келген уақытта назары Ғарышқа түсті. Көрді: «Лә иләһа иллалла Мухамадан Расулалла» деп жазулы тұр. Бұларды көріп қайран қалды», - деп беріледі. Мұнда да Нұрдың тек Мұхаммед Пайғамбардың нұры екендігі анық айтылып тұр (Рабғузи, 2008: 14-18).

Ғалым А.Қыраубайқызы: «Сенің қолыңнан шыққан, қаламыңнан түзілген сөз оқуға, үйренуге жеңіл, түсінікті болады деп жұрт қолқалаған соң, тәңірден тауфық тілеп, кітап бастадым», - дегеніне қарағанда, өз заманындағы білікті кісі болғандығын танимыз», - деп алғысөз арқылы автор туралы ой түйеді (Қыраубайқызы, 2001: 160). Ал, ғалым Ә.Наджип: «Автордың алғысөзінен көрініп тұрғанындай, ол бұл кітапты жергілікті әмірші Тоқбұғаның өтініші бойынша жазған. Әміршінің айтуы бойынша, бұл тақырыпта орындалған жұмыс көп. Бірақ олар кісі қанағаттанарлық дәрежеде емес. Сондықтан да пайғамбарлар тарихынан толыққанды Кітап жазылуы қажет-ақ. Осы бектің өтініші бойынша Қаршы қаласының қазысы ... 709 жылы Насыр Бурхан-ад-Дин ... осы кітапты жазуға кіріседі. ...жыл бойы жұмыс жасап 710 жылы кітапты аяқтайды» (Наджип, 2007: 128).

Екі ғалымның «Рабғузи қиссаларына» жазған алғысөзі жөніндегі пікірлерін беріп отырған себебіміз: барынша толық көлемді болып басылып шыққан кейінгі нұсқаны салихалы ғылыми алғысөзбен, толыққанды ғылыми түсініктермен жабдықтап, ең бастысы шығарма авторы Насраддин Рабғузидің өзі жазған алғысөзді сол қалпы жариялау қажет еді. Бұл - қазақ әдебиеті тарихының өткен дәуірлерін түгендеп, кемістігін толтырып жатқан бүгінгі уақыт қажеттілігі. Кітаптың сол дәуірдегі алғашқы келбетінде бүгінгі ұрпақпен қауышуы үшін автордың мұсылман әлемі ақын, жазушы, ғалымдары сопылық ілім дәстүрінде алғысөз алдында жазған Алла Тағаланы мадақтаған, Мұхаммед Пайғамбарды ұлықтаған, оның төрт шариярын дәріптеген дәстүрлі мадақ жолдары да міндетті түрде бүгінгі басылымда өз орнында тұрғаны еңбектің құндылығын арттырар еді. Осы тұрғыдан алғанда, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасымен басылым көрген 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясының сегізінші томында жарияланған Рабғузи қиссаларындағы нұсқасын ерекше атап айтуымыз қажет. Жарияланып отырған нұсқа «алғысөзбен», «ғылыми түсініктемелермен» жабдықталған. Шығыстанушы К.Гренбектің Лондон нұсқасының көшірмесін (факсимилесін) жариялауы (1948 ж)

«Қиссас-ул әнбияның» жариялануы мен зерттелуі мәселесінде үлкен қозғалыс әкелгені аңғарылады. Соның негізінде Өзбекстан мен Түркияда да басылып шыққан. Басылым көріп отырған бұл кітап та Лондон нұсқасының негізінде дайындалған.

«Қиссас-ул әнбияның» кітап болып басылып отырған бұл нұсқасы қазақ тілінде басылып шыққан алғашқы екі нұсқадан көп өзгеше. Кітап авторы Насыруддин Бурхануддин Рабғузидің алғашқы екі басылымда жоқ «алғысөзі» мұнда өз орнында сақталып берілген. Бұл да нұсқаның өзіндік табысы деуге болады. Бұлай дейтін себебіміз: Рабғузидің осы еңбекті жазуына себеп болған жайт әр жерде әр түрлі айтылып келеді. Мысалы, ғалым А.Қыраубайқызы мен ғалым Ө.Наджиптиң пікірлерімен автор алғысөзінің арасында айырмашылық байқалады: «Тарих жүз елуге кірген алғашқы жылдары хат-хабар тасушы жетіп: «Пайғамбарлар қиссасына шексіз ықыласым бар. Әр жерде кейбірі тура, кейбірі қате, біразы анық, біразы шала, бірінің сөзі аз, енді бірінің мақсаты қысқа екені баршға белгілі. Енді сенің қолыңнан шыққан, қаламыңнан дүниеге келген, сенің кітабың, сенің туындың болған бізге «Қисас-ул әнбия» болса, оқуға керек үйренбекке ыңғайлы болар еді» деген ұсыныс тілек болды. Өзімді қаншалықты бұл іске әлсіз, мұндай амалға лайық еместігімді жақсы білсем де, өзімді зорлап, уақыт болсын деп бұл ауыр іске қол ұрдым. Алла Тағаладан соңына дейін медет сұрап, кітапты бастадық. Мұндағы мақсат пайғамбарлар қиссасы еді, алайда Адам (ата)нан бұрынырақ жаратылған (заттар) бар болғандықтан, содан бастауымыздың пайдасы артығырақ болсын деп, тәртіп бойынша жаратылғаннан басстадық. Іздегенге оңай, тілекшіге сүйеніш болсын деп «Қисаси әр-Рабғузи» (деп) ат қойдық...». Демек, бұған дейін жарияланған мәтіндер мен ғылыми еңбектерде шығарманың жазылуы жөнінде айтылған талдауларында осындай қайшылықтар бар. Соңғы мәтін кейінгі зерттеу еңбектеріне дұрыс бағыт береді. Сол секілді бұл нұсқада алғашқы екі нұсқада жоқ мына мәселелерді атап айтқан жөн:

1. «Алғысөзде» автор тарапынан арнайы берілген, діни сопылық шығармаларға тән Мұхаммед Пайғамбарға арналған мадақ алдымен, қара сөзбен өріліп, соны жырға айналады:

«Мадақ пен тахият, салауат пен ғибадат әділ сөзді, сұлу жүзді, «Ләәмрукә» («Сенің өміріңмен ант етемін») тәжді (тәжін кигенге), «Ләу ләкә ләмә халақту әл-әфләк» («Егер сен болмағаныңда, әлемді жаратпаған болар едім») сыйлы, «Субхәнә әлләзи әсра» («(Оны) түнде

алып жүрген сол Алла пәк») миғражды (болған Мұхаммед (ғ.с.) ға болсын).

Ол (Мұхаммед пайғамбар) – өзі мойынсұнғыш, зікірі мәртебелі, үмметіне шапағатшы «Уаллаһу йә'симукә мин ән-нәс» («Және Алла сені адамдардан сақтайды») хош иісті, «Уә иннәкә лә' әлә хулуқин 'әзимин» («Әрине, сен ұлы мінезді адамсың») мінез-құлықты, «Лә тәмши фил әрзи мәрахан» («Сен жерде керіліп жүрме») жүруші, «Уә изә сәләкә 'ибәди әнни фә инни қариб» («Және егер пенделерім сенен мені сұраса, мен өте жақынмын») деуші, «Уә әммәс-сәилә фә лә тәнхәр» («Және алайда қайыршыға жекіме») қаһарлы, «Мә зәғәл бәсру уә мә тәғә» («Көз тоймады және шектен аспады») жігерлі, «Уә кәнә қабә қаусәйни әу 'әднә» («Екі жебе аралығындай жақындады немесе одан да жақынырақ») көтерілуші, «Уә ләсәуфә йу'тикә раббукә фәтәрза» («Және тез уақытта жаратушың берер саған және сен одан разы боларсың») шапағатшы, «Әт-тәибунә уә әл-'әбидунә уә әл-хәмидунә» («Олар тәубе етушілер, құлшылық қылушылар және шүкір етушілер») үмметті, «Уә мин әл-ләйли фәтәхәжжәд биһи нәфиләтән» («Түннің бір жартысында Құранмен (оқумен) ояу отыр, (бұл) саған нәпіл») намазды, «Фә әухә илә 'әбдиһи мә әухә» («Алла пендесіне айтқан сырын айтты немесе берген уахиын берді») сырлы, «Лә ухси сәнәән 'әләйкә» («Саған деген мадақты айтып тауыса алмаймын») жалынышты, «Қум әл-ләйлә иллә қалилән» («Түнімен тұрып тұр (намаз оқы), тек аз бөлімінде») тұрушы, «Лииләфи қурайшин» («Жақындастырмақ үшін Құрайыш (тайпасын)» туысты, «Әс-сабиринә әс-садиқин» («Сабырлылар мен шынайы берілгендер...») қолдаулы, «Уә жи'нә бикә әлә хәуләи шәһидән» («Біз сені оларға куә етіп жібердік») айғақты, «'Әсә ән йәб'әсәкә раббукә» («Мүмкін, саған жаратушың жіберер (ұлы мақамды)» бақытты, «Әләйсә Аллаһу бикәфин 'әбдуһу» («Алла пендесіне кепілдік етуші емес пе?!») ілтипат етуші, «Уә иннәкә ләтәһди илә сиратин мустақимин» («Әрине, Сен тура жолға бастайсың») тура жолға жетелеуші, «Шәһру рамазән әлләзи унзилә фиһи әл-Қурәнү» («Рамазан айы сондай бір ай, ол айда Құран түсірілген») аятты, «Иқтәрабәту әс-сә'әту уә ән-ншәққә әл-қәмәру» («Қиямет жақындады және ай екіге бөлінді») ишаратты, «Иннә әрсәлнәкә шәһидән уә мубәшширән» («Әрине, біз сені куәлік беруші және сүйіншілеуші үшін жібердік») сүйіншілеуші, пайғамбарлар туысы, сопылар жетекшісі МҰХАММЕД МҰСТАФА (с.ғ.с.).

Дін шариғат амалын биік қылған Мұстафа,
Күпір, зұлмат тауларын жерге көмген Мұстафа.
Ол ата-анасын арттырып үммет үшін,
Жалынып Хақтан шапағат сұрап алған Мұстафа.
Қауымы назын көтере алмай көкке ұшқан Иса ол,
Үмметіне болысып жерде қалған Мұстафа.
Ол жиырма үш жыл еңбектеніп, көрмеді күні-күн ұйқысын,
Күнәһар үммет күнәсін Хақтан сұраған Мұстафа.
Ол қиямет күнінде, шапағат қаруын бойға асып,
Жалбарына тұрып, жалына күнәлі болған Мұстафа.
Елшілер миғраж түнінде Бәйт Макдисқа келіп,
Әр шапағат өтерде басшы болған Мұстафа.
Түсер екен Мұстафаны қолынан тұтып Жебірейіл,
Жоқтағанда Жебірейілді жолға салған Мұстафа, -

Осылайша жырланған мадақ жыры «Төрт досыңа, тоғыз әйеліңе, екі немере ағаңа, бақыт иесі һәм жәннәт тұрғыны болған ұлдарыңа жалынды сәлем болсын. «Уәсәллиму тәслимән кәсиран» деген игі тілекпен аяқталады.

2. Ғылыми еңбектерде «Рабғузи бұл еңбекті Тоқбұға бекке арнап жазды» деп жүргеніндей сол әміршіге арналған мадаққа ұласады:

«Әммә бә'д (сонымен), бұл кітапты жазған, құлшылық жолында төзген, күнәһарлық даласын кезген, азығы жоқ, күнәсі көп Рабат оғызының қазысы Бұрхан ұлы Насируддин ұрпағы, (Сатараллаһу 'әләйһи әссәләмәтә уә рахимә шиябәһу) былай дейді. (Әжәлл ут-таж ул-'умара уә мухиббул-'улама)бектер ұрпағы, жігіттер сардары, ұлы атты, құтты затты, ізгі мінезді, ислам сауытты, моғол текті, мұсылман дінді, адамзат сүйеніші, мүміндер қуанышы, беделі ұлы, ақылы теңіз бегіміз Насируддин Тоқбұға саббатуллаһу 'әлә динил-исләм уә сәләмуһу.

Насируддин Тоқбұға бектің мадағы:

Дұрыс арман, тура қылық,
Пәк, таза шектен аса
Көктен ұлырақ беделі.
Мұрасы бектік дінінде,
Сұрар оны ұстап жаға,
Қуанышы ақырет мүлкі.
Әсілі моғол екен текті,

Ислам үшін тұтты жаға,
Болды Расулдың үмметі.
Құлшылық етер түн-күндізі,
Алар сабақ мұсхафқа қарап,
Құран оқу әдеті.
Тәспі тартарда қуанып,
Инжу болар жасы ағып,
Есітілсе Құран аяты.
Еретін шексіз барша,
Тура сөйлер сөзді ұға,
Артық қажетті жолы.
Раббыдан сый болып оған,
Хақ береді құтты баға,
Көрікті сұлу бейнесі.
Ізгі амалмен жүріп,
Дос қызығар, дұшпан қарап,
Артар баршадан құрметі.
Күндіз оқыр, түнде тұрар,
Құлшылық етер кірер мешітке,
Арыстан жүзді сәулеті.
Жасы кіші, жолы ұлы,
Заты анық бек Тоқбұға
Ол Насируддин көनियाсы.
Ел билесін, жүз жасасын,
Болып бағынышты Жаратушысына,
Бұдан артар жақындығы.

Тоқбұға бекке арналған бұл мадақ жыры да дәуір тынысын аңдататын және өзге еңбектерде де көп жырланған әділ ел басшысы – ел бақыты идеясымен сабақтасып жатқан дәстүрлі стиль өрнегі.

3. Соңғы нұсқаның ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – мәтінді ғылыми дәлдікпен беруге барынша тырысушылық. Бұлай деуге себеп – мәтін ішіндегі арабша сөздер мен сөйлемдер сол қалпы беріліп, жақшаның ішіне оның қазақ тіліндегі аудармасы қатар көрсетіледі. Мысалы, «Кіріспе» соңындағы мына жолдарды айтуға болады: «Уаллаһуәл-муәффақуәл-итмәмәуәһуәуәлийуәл-ин'әмуәәл-икрам». Қалә Расулуллаһи саллаллаһу 'әләйһи уә сәлләм: кунту кәнзән хафийәнфәхәләқтухәлқа» («Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Алла: Мен бір жасырынған қазына едім, мені танысын деп халықты жараттым»

деген», – деді»). Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с) айтты: Хақ Сұбханууә Тағала былай деп жарлық етті: Мен бір жасырын қазына едім, менің Тәңірлігімді білуші ешкім жоқ еді, менен пайда алсын деп болмысты жараттым. Мен олардан пайда алайын деп жаратпадым.

Рабғузи қиссаларына соңғы кезде қазақ әдебиеттану ілімінде үлкен қызығушылықтың болып отырғаны анық. Шығарманың 2004 жылы басылып шыққан Р.Мұқанова нұсқасы да оқырмандар талабымен қайта басылып жатуы, сол секілді Қызылорда облысында «Сырдария кітапханасы» кітаптарының құрамында жеке кітап болып басылған туындының Оңтүстік Қазақстан облысы тарапынан да қайта басылуы осы жайларға дәлел болады.

Қорыта айтқанда, Алтын Орда дәуірінің өзгеше бір сипатта дамыған жазба әдебиетінің нәзиралық-аудармалық бір үлгісі болған «Қиссас-ул әнбияның» дүркін-дүркін қайта жариялануы, ғалымдар тарапынан заман талабына сай қайта қаралып жатуы еңбектің көне әдеби жәдігер ретіндегі құндылығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Маллаев, Н.М. (1963). *История узбекской литературы с древнейших времен до XVII века*, Ташкент, 180 б.

Әуезов, М. (1959). *Әр жылдар ойлары*. Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 556 б.

Қыраубаева, А. (1988). *Ғасырлар мұрасы*. Алматы, Мектеп, 163 б.

Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары. Алматы, Жазушы, 87 б.

Наджиб, Э. Н. (2007). *Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур*, Түркістан, Тұран, 268 б.

Рабғузи, (2001). *Қисса-сул-әнбия-й. Адам-Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін*, (Қазақ тіліне аударған Роза Мұқанова), Алматы, Санат, 248 б.

Рабғузи, Насреддин (2008). *Қисас-ул әнбия*, Араб тілінен аударған Әшім Әріпбайұлы, Астана, Фолиант, 552 б.

Қыраубайқызы, А. (2001). *Ежелгі әдебиет*, Астана, Елорда, 224 б.

Шәді төре, (1999). *Ибраһим Пайғамбардың хикаяты*, Алматы, Қазақстан, 88 б.

Резюме

В истории казахской литературы книжная поэтика и ее основная творческая традиция - назира развивалась и осваивалась вместе с формированием исламской цивилизации в тюркском народе в конце эпохи Золотой Орды, как государственного духа великого Улуса. Последующая стадия книжной литературы родилась заново и расцвела как духовное оружие против русской колонизации, как религиозная, литературная, общечеловеческая, по сегодняшним меркам, как религиозное и образовательное движение во второй половине XIX века. Подавляющее большинство литературных памятников Золотой Орды, которые рассматриваются в современной истории казахской литературы, также являются религиозными произведениями. Например, такие произведения, как «Кисса Жусип»,

«Кисасу-л-анбия», «Жумжума», «Нахжу-л-Фарадис». В данной статье анализируются образцы литературного наследия «Кисасу-л-анбия» в казахской литературе.

Ключевые слова: Литературные памятники Золотой Орды, «Кисасу-л-анбия», книжная литература, книжный поэт, традиционная письменная литература.

(Ергөбек С. Образцы публикации литературного памятника Золотой Орды – кисса Рабгузи)

Özet

Bu çalışmada, Kazak Edebiyatı tarihinin Altın Ordu döneminde, Türklerin İslam uygarlığını geliştirmesi ile ozanlık geleneği ve kültürünün gelişimi ele alınmaktadır. Yazılı edebiyatın sonraki aşaması yeniden doğmuş ve Rus kolonizasyonuna karşı manevi bir silah olarak bugünün standartlarına göre 19. yüzyılın ikinci yarısında dini ve eğitimsel bir hareket olarak gelişmiştir. Modern Kazak edebiyatı tarihinde kabul edilen Altın Ordu edebiyat eserlerinin büyük çoğunluğu da dini eserlerdir. Örneğin, Kıssa-i Cusip, Kısasü'l-Enbiya, Cümcüme, Nehcü'l-Ferâdis vb. Bu makalede, Kazak edebiyatında Kısasü'l-Enbiya'nın örnekleri incelenmektedir.

Anahtar kelimeler: Altın Ordu edebi anıtları, «Kısasü'l-Enbiya», yazılı edebiyat, kitabî şair, geleneksel yazılı edebiyat.

(Ergöbek S., Altın Ordu Edebi Eseri Rabguzi Kıssaları'nın Yayın Örnekleri)